



**Сабақтың тақырыбы:** Сап түрлері және олардың элементтері, алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер, сарбаздың сапқа тұруға дейінгі және саптағы міндеттері, бір орында тұрып сәлем берген әскеримен сәлемдесу.

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға сап элементтерін, алдын ала және орындалатын пәрмендерді, сарбаздардың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттерін және әскери сәлемдесуге орнында тұрып жауап беруді үйрету.

- **Дамыту:** Сапқа тұру алдындағы және саптағы әскери қызметшінің міндеттерін және саптық элементтері туралы ұғындыру
- **Тәрбиелік:** Оқушыларды елін, жерін сүюге, жинақтылыққа, ептілікке, батылдыққа тәрбиелеу.

**Өтілген тақырыпты сұрау кезеңі – 10 минут.**

1-ші бөлімше сап элементтерінен тестілеу сұрақтар  
2-ші 3-ші бөлімше саптық элементтерінен сұрақтар  
қою бір біріне.



# Негізгі бөлім

- Саптық дайындық тарауынан видео көрініс -17 мин
- Бөлімше бойынша іс жүзінде көрсетіп дайындалу- 10 мин

## **Сап және оның элементтері**

**Сап** – әскери қызметшілердің, бөлімшелердің және бөлімдердің Жарғымен белгіленген өзара іс-қимыл жасаулары үшін жаяу тәртіптегі орналасуы.

**Жазылма сап** – бөлімшелер маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта жарғымен немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.

**Жорық сабы**– бөлімше лекке немесе бөлімшелер лектерде бір-бірінің артында белгіленген арақашықтықта орналасқан сап.

Қатар— қатарда белгіленген бір сызық бойында әскери қызметшілердің біреуі екіншісінің қасында орналасқан сап.



## ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ЭК «Строевая подготовка»


- ★ **Двухшереножный строй** - строй, в котором военнослужащие одной шеренги расположены в затылок военнослужащим другой шеренги на дистанции одного шага (вытянутой руки, наложенной ладонью на плечо впереди стоящего военнослужащего). Шеренги называются первой и второй. При повороте строя названия шеренг не изменяются.



**Маңдайшеп – саптың әскери қызметшілер  
тіке қарап тұрған жағы.**



# Саптың тыл жағы – мандайшеп жағына карама-қарсы жақ.



## ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ


ЭК «Строевая подготовка»

★ Тыльная сторона строя – сторона, противоположная фронту.






**Аралық**– маңдайшеп бойынша әскери қызметшілердің, бөлімшелердің, бөлімдердің арасындағы аралық.



**Арақашықтық** – түкпір жаққа қарай әскери қызметшілердің бөлімшелердің, бөлімдердің арасындағы аралық.



**Сап ені – қапталдар арасындағы қашықтық.**  
**Саптың ұзындығы– саптың бірінші қатарынан саптың соңғы қатарына дейінгі аралық.**


The slide features a green background with the Russian coat of arms and flag in the top left. The title is in large yellow letters: "ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ЭК «Строевая подготовка»". Below the title, a red bullet point highlights the definition: "Ширина строя - расстояние между флангами." At the bottom left, a diagram shows eight stylized figures in a line, with arrows indicating the distance between the flanks. At the bottom right, a photograph shows a platoon of soldiers in blue uniforms standing in a line on a field, with a blue line drawn on the ground to indicate the width of the formation.

Екі қатарлы сап – бір қатардағы әскери қызметшілер басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай бір қадам арақашықтықта орналасқан сап. Қатарлар бірінші және екінші деп аталады. Сап бұрылыс жасағанда қатарлар өзгермейді.



## ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ЭК «Строевая подготовка»

★ **Двухшереножный строй** - строй, в котором военнослужащие одной шеренги расположены в затылок военнослужащим другой шеренги на дистанции одного шага (вытянутой руки, наложенной ладонью на плечо впереди стоящего военнослужащего). Шеренги называются первой и второй. При повороте строя названия шеренг не изменяются.




**Лек – әскери қызметшілер бір-бірінің ту сыртында жарғымен немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.**



**Бағыттаушы**– көрсетілген бағыттағы бірінші жүріп келе жатқан әскери қызметші.

**Тұйықтаушы** – лектегі соңғы келе жатқан әскери қызметші.



## **Алдын ала берілетін және орындалатын пәрмендер.**

- **Алдын ала берілетін пәрмендер** – саптағылар командирдің олардан қандай әрекеттерді талап етіп тұрғанын түсінуі үшін нық, қатты, және созылмалы дауыспен беріледі.
- **Орындалатын пәрмен** бойынша оны шұғыл және нақты орындау қажет. .
- **Пәрмендер берілгенде**, саптағы әскери қызметшілер саптық тұрысты қабылдайды, ал саптан тыс болса, бастық жаққа бұрылады да, саптық тұрысты қабылдайды.

## **Сапқа тұру алдындағы және саптағы әскери қызметшінің міндеттері.**

- Өзінің қаруының, жеке қорғаныс құралдарының, бекініс құрал-саймандарының, нысанды киімдерінің және жабдығының жарамдылығын тексеруге;
- Нысанды киімдерін ұқыпты реттеуге, жабдықтарды дұрыс киюге және жөндеуге, анықталған кемшіліктерді жою үшін жолдасына көмектесуге;
- Саптағы өз орнын білуге, оған жылдам және әбігерсіз тұруға, қозғалыс кезінде түзелімді, белгіленген аралық пен арақашықтықты сақтауға, қауіпсіздік талаптарын орындауға, саптан рұқсатсыз шықпауға;





- Сапта рұқсатсыз сөйлеспеуге, темекі тартпауға, командирдің бұйрықтары мен пәрмен-дерін ықыласпен назар аударуға, жылдам және нақты, басқаларға бөгет жасамастан орындауға;
- бұйрықтарды, пәрмендерді бұрмаламай, қатты және нақты өткізуге міндетті.

## Сәлемдесуге орнында тұрып жауап беру.




Рис. 18.  
Выполнение  
воинского  
приветствия:  
на месте  
и в движении

# Үй тапсырмасы:

- §1.
- Сап элементтерін жаттау.
- Сапты басқару қалай орындалады?
- Сарбаздың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттері жаттау?
- Сәлемдесуге орнында тұрып қалай жауап береді?